

Мәдениет

№3 (151) Наурыз 2019 жыл



ЖАСТАРДЫ қаламгерлікке баулыған

Белгілі ақын, қоғам қайраткері Ғайнижамал Бердалинова туралы

БІЗДІ ЖУРНАЛИСТИКА ТАБЫСТЫРДЫ

Өмірде айналамыздағы тіршілікке көзқарасы бір адамдар тез тіл табысып, ғұмыр бойы сыйлас болып кетеді екен. Өз басым 80 жылдық мерейтойын атағалы отырған Ғайнижамал Сайманқызы Бердалиновамен 1994 жылы облыстық «Қостанай таңы» газетінде қызмет атқарып жүрген кезімде таныстым.

Оның алдында ұлтымыздың қайсар да табанды қызы өңіріміздің Жітіқара қаласында тұрып, сонда жұмыс істеді. Оған әлі осы дүниені жазу барысында қысқаша тоқталатын боламыз. Себебі, ол аталған шаһардың қазақтануына, ұлтымыздың ежелден келе жатқан салт-дәстүрінің өркендеуіне айтарлықтай үлесін қосты. Сөйтіп, ұлтжанды әпкеміз екендігін іс жүзінде дәлелдеді.

Редакцияның қара қазандай қайнаған жұмысы біткен бе? Өзімнің қызмет бөлмеде кезекті нөмірге баратын мақаламды дайындап отырған болатынмын. Кенет бөлмеге түр-сымбаты келіскен Ғайнижамал әпкеміз ене берді. Сол кезден бастап, бірге туған бауырлардай араласып кеттік.

Екеуміз облыстық қазақ тілді басылымнан «Жас дәурен» деп аталатын бет аштық. Онда шаһарымызда оқып жатқан жігіттер мен қыздардың тыныс-тіршілігі, өздерін толғандырып жүрген мәселелері тұрақты беріліп тұрды. Оқырмандар тарапынан қолдау тауып, олар үнемі жылы лебіздерін білдірді.

Сонда біз қалагерлер үшін ең басты марапат-жер-жерде газетімізді алып оқитын ағайындардың шынайы алғысы мен жүрек жарды ойлы пікірлер екендігін жете түсіндік.

Біраз өмір өткелдерінен өткен кейіпкерімізбен тілдескен кездерімізде өзінің сонау артта қалған балалық шағы туралы да айтып беретін. Сол сөздері менің жадымда мәңгілік жатталып қалды.

Оның асқар таудай әкесі Сайман ағамыз өз

заманындағы парасатты да түйгені мен көргені мол азамат болатын. Арабша сауатты кісіні айналасындағы қандастарымыз сыйлап, оған құрметпен қарайтын. Өйткені, ол әлгі дінге байланысты оқығандарын ұмытпай жатқа айтатын-ды.

Кешегі асыра сілтеу жылдары солақай саясаттың кесірінен елімізде қолдан жасалған ашаршылық жайлады емес пе. Сол кезде бауырларымыз тарыдай шашылып, күнкөріс қамымен жан-жаққа кетуге тура келді. Содан басқа амал болмағандықтан, бұлардың әулеті де ата-жұртын тастап, өзге мемлекетке қоныс аударды. Ұрпақтары сол жақта дүниеге келіп, өздерінің еті тірілігімен ешкімге намысты қолдан бермеді.

Ғайнекеңнің бойындағы кейбір қасиеттері нағашылары жағынан жұққан секілді. Себебі, Жармағамбет және Жәрмедет ағаларымыз ақынжанды кісілер-тін. Өз ортасының көркі болған деседі. Біздің қазақ ежелден сөз өнері мен ұлттық құндылықтарымызды жоғары бағалаған.

Сайман ағамыздың сүйікті перзенті Ғайнижамал сол өздері уақытша тұрақтап қалған Қостанаймен көршілес жатқан Ресейдің Орынбор облысы Адамов ауданындағы Орехов селосында 1942 жылы 26 мамырда дүниеге келді.

Өзге мемлекетте ғұмыр кешіп жатқан соң, мектепті орыс тілінде тәмамдады. Шәкірт ретінде сабаққа зерек болды. Әсіресе, көркем әдебиетке ерекше ден қойды. Жаны сұлу қазақ қызы жастайынан жазу-сызуға өте бейімділік танытты. Оны жанында жүрген құрбылары мен дәріс берген ұстаздары көрді. Мұның болашағынан үлкен үміт күтті.

Ресейде мекендейтін қазақтар ұлт ретінде өздерінің бет-бейнесін, болмыс-бітімін, әдет-ғұрпын сақтау үшін үй ішінде тек қана ана тілінде сөйлесетін. Ата-бабамыздан келе жатқан мәдениетіміз бен өнерімізді ұл мен қыздарының бойларына сіңіруге айрықша назар аударатындығын білеміз.

Ол өзінің тынымсыз ізденісі, еңбекқорлығының



арқасында орысша білім алса да, шығармаларын қазақ тілінде еркін жазатын деңгейге жетті. Ондай қырларын біз бірге қызмет атқарған жылдары айқын сезіндік.

Әпкемізді мұндай биік белеске жеткізген негізі өзінің ұлтжандылығы, ана тіліне деген шексіз құштарлығы-тын. Ол орта мектептен кейін Қазақстанда жоғары білім алуды алдына мақсат етіп қойды.

Талапты бойжеткен Орал қаласындағы дарынды педагогтардың қара шаңырағы болып табылатын А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология факультетіне студент болып қабылданды.

Осы айтулы оқу орнындағы өткен жылдардың оған бергені мол. Алдына таудай биік мақсат қойған бойжеткен сол кезеңдерді тиімді пайдаланды. Бос уақыттарында күнделікті семинарларға дайындалумен қатар, кітапханаларда өткізді. Шаһардағы ұйымдастырылып жатқан түрлі танымдық кештерге қатысып, өзінің талантты да дарынды жас екендігін көрсетті.

Қолына диплом алған соңкіндік қаны тамған Адамов ауданына оралып, ұстаздық қызметін жалғастырды. Ұлы Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген даналы сөзін басшылыққа алып, қаншама жастарды білім нәрімен сусындатты.

Алайда, оны шығармашылық жұмыс өзіне тартты да тұрды. Жылдар өте аудандық «Ленинское знамя» деп аталатын газетке тілші болып орналасты. Бойында табиғи қабілеті бар жан мұнда шын мәнінде

журналистік қызметтің қыры мен сырына әбден қанығып, шеберлігі шыңдала түсті.

ІСКЕРЛІГІМЕН КӨПКЕ ТАНЫЛДЫ

Шетелде тұратын қандастарымыздың басты арманы – атамекенге оралып, ұл мен қыздарын ұлттық рухта тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарымызды терең меңгеруге талпындыру емес пе?

Жайсаң мінезді Faynizhamal Сайманқызы да 1970 жылы киелі Жітіқара жеріне отбасымен біржола көшіп келді. Жаңа ортаға тез бейімделуге тырысты. Мұндағы ағайындар да араларына қосылған бауырларына ыстық ықылас танытты.

Ұйымдастырушылық дарынымен жергілікті халықтың ілтипатына бөленген аяулы әпкеміз содан осындағы «Қазасбестстрой» тресінің кадр, кәсіподақ секілді салаларында аянбай жұмыс істеді.

Сол қызметтерді мінсіз атқара жүріп, жергілікті жердегі газет, радиоларға атсалысты. Содан 1984-1992 жылдары қалалық радиокомитеттің төрайымы болды. Сонымен қатар осындағы «Авангард», «За асбест» газеттерінің тілшісі ретінде де оқырмандардың арасында үлкен құрметке бөленді.

Бертін облыс орталығына көшіп келген соң да «Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, үлкен шаһардағы бойында табиғи дарыны бар жастарды іздестіріп, оларды сөз өнеріне баулыды. Олардың тырнақ алды туындыларын басылым беттерінде жариялауға қамқорлық жасады.

Облыстық «Қостанай таңы» газетінде арнайы «Жас қалам» деп аталатын бет те жарық көре бастады. Уақыт зырылдап өте берді. Айналасына талантты әрі болашағы жарқын жігіттер мен қыздарды жинап, олардың ақылшысы әрі тәлімгері атанды.

Ұмытпасам, 2000 жылы өңірде «Таза бұлақ» қорын құрып, шығармашылық қызметке білек сыбана кірісті. Дәл осы жылдың қараша айынан бастап, облыста тұңғыш рет «Жас қазақ» журналы жарық көрді. Содан кейін «Алға» журналы қазақ және орыс тілдерінде оқырмандарға жол тартты.

Қолы бос кездерінде Л.Толстой атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Шешендік сөздер» мен Қазақ тілін үйренушілерге дәріс оқыды.

Жерлестеріміз оның есімін ұзақ жылдар бойы облыстық, қалалық, аудандық ақындар айтысына қатысып, жүлделі орындарды иеленген суырып салма ақын ретінде де ардақтайды.

Сондай-ақ ол облыстық Бейімбет Майлин атындағы әдеби бірлестік ұйымдастырған бәйгелерде ойлы да адам жанын тербейтін өлеңдерімен топ жарды. Ақындығымен көпке танылды. Жеке туындыларын баспаларға тапсырды.

Ал, қаламгер ретіндегі жөні тіптен бөлек. Оның осы уақытқа дейін «Көк тудың желбірегені», «Аман болшы, ақылдым», Отан да отбасынан басталады», «Жүрегінен өлең болып өрілген» деген кітаптары жарық көріп, жұртшылық тарапынан өзінің лайықты бағасын алды.

Сондай-ақ «Жас қалам», «Ұлағат», «Азат елдің асқақ жыры», «Көк байрақты туған ел» және басқа да бірқатар жинақтардың редакторы ретінде барша қауымның тарапынан құрметке ие болды.

Шығармашылық адамы өзінің ерекше қабілеті үшін Бүкілодақтық халық шығармашылығы фестивалінің, «Ажар» ұлттық және облыстық меценаттар клубының «Қазына» сыйлығының лауреаты атанды.

Ол бір әулеттің ақылшысы әрі берекесі. Отағасы, марқұм Қалиасқар ағамыз кезінде облыстық «Қостанай таңы» газеті редакторының шаруашылық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Тағдырдың жазуына не істерсің, арамыздан ерте кетті. Ғайнекең қазір бір ұлы мен екі қызынан бірнеше немере сүйіп, бақытты әже атанып отыр.

ШӘКІРТТЕРІ ӨЗІН АРДАҚ ТҰТАДЫ

Жоғарыда оның талай бойында қарым-қабілеті бар қазақтың жастарын әдебиетке, журналистикаға баулып, бай тәжірибесін солардың бойына сіңіруге арнағанына тоқталдық.

Жалпы, өзің тәрбиелеген шәкірттеріңнің үмітінді ақтап, есімдері елімізге танылып жатса, ол да бір бақыт емес пе. Сондай өзі үлкен сенім артқан жігіттердің бірі-Тұрсынмәмет Бұқабаев болатын.

Оның тырнақалды туындыларын облыстық «Қостанай таңы» газетіне алып келіп, бізге көрсеткені әлі есімде. «Талапты жетер мұратқа» демекші, өзінің тынымсыз еңбегінің, тәлімгерінің дер кезінде берген бағыт-бағдарының нәтижесінде ол шығармашылықта едәуір табыстарға қол жеткізді.

Дарынды бозбала үздіксіз жазумен айналысып, поэзия әлемінде өзін жарқырата көрсетті. Сараптамалық мақалаларымен көзге түсті. Республикалық «Айқын» газетінің өңірдегі меншікті тілшісі ретінде әріптестеріне үлгі-өнеге көрсетті.

Өмірінің соңғы жылдарында еліміздегі беделді телеарнада қызмет атқарды. Мезгілсіз дүниеден өтсе де кейінгі інілері мен қарындастары ұмытпай әрі ғибрат алып жүретіндей жарқын іздерін қалдырды.

Әңгіме арқауына айналған Ғайнижамал Сайманқызының өзге де өзін екінші аналарындай көріп кеткен шәкірттері қазіргі таңда есімдері республикамызға белгілі журналистер, мәдениет және өнер саласының қайраткерлері.

Жуырда солардың бірі-теледидарда қызмет атқарып жүрген Заңғар Санай тәлімгері жайлы сөйлескенімізде:

– Ғайнижамал апамыз бәрімізге де жазу өнеріндегі ұстазымыз. Ол кісі мінезге өте бай. Кез келген шәкіртімен тең дәрежеде сөйлеседі. Оның бір ерекшелігі, топ жаратын талантты бірден танитындығында.

Біздің журналистика саласын жетік меңгеруімізге тікелей ықпалын тигізді. Өйткені, ұзақ жылдар бойы аудандық, облыстық басылымдарда абыроймен қызмет атқарған тұлғаның айтары да түйгені де молды.

Бұл күндері оның дәрісін тыңдап, ұлағатты сөздеріне қаныққан жігіттер мен қыздар кең байтақ еліміздің бірқатар қалаларында еңбек етеді. Өздері әрдайым «Ғайнижамал апамыздың тағылымды тәрбиесін алғанбыз» деп отырады, -деді.

Тәуелсіздіктің арайлы таңы атқанына да отыз жылдан асты. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Алайда кейбір замандастарымыз бен жастарымыздың «Қазақ тілін үйрену өте қиын, оған жылдар керек» деген сөздерін естігенде, олар үшін өзіміз ұяламыз.

Кезінде Ғайнекеңе де Ресей жерінде өскендіктен мектепте орыс тілінде оқуға тура келді. Алайда зейін қойып, ыждаһаттылықпен қолға алған адамға өз ана тілін үйренуге әбден болады. Сонау бір жылдары алғашқы өлеңдері мен мақалаларын басқа тілде жазса да, намысқа тырысып, қазақ тілін жетік меңгеріп алды. Бұған оның өткен өмірі айқын дәлел.

Намыс пен елжандылықты жоғары қойған қазақтың осынау ардақты қызымен әу баста танысқан шақта оның қазақшасы мықты болғандықтан, өткен жылдары білімді орыс тілінде алғандығы мүлдем білінбейтін. Ол ұлтымыздың басты рухани қазынасы болып табылатын мақал-мәтел мен нақыл сөздерді ұтымды қолданып сөйлегенде, бәріміз де еріксіз таң қалатынбыз.

Ол зейнеткерлікке шықса да, үйінде қол қусырып қарап отырған жоқ. Оны жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылық кештерінде, тарихымыз бен өнерімізге қатысты жиындар мен басқосуларда жиі көреміз. Сол баяғы жадыраңқы әрі жайдары қалпын жоғалтпайды. Өзінің шығармашылығына байланысты да жүздесулерге жиі шақырады.

Талай өмірдің қиындықтары мен асуларынан мұқалмаған аяулы әріптесіміз қоғамдық жұмыстарға да белсене атсалысады. Сүйікті ұлы Серік пен инабатты келінінің шапағатына бөленіп келеді. Ұрпақтары да оған үнемі қуаныш сыйлауды ұмытпайды.

Бұл күндері сексеннің сеңгіріне көтерілген Ғайнижамал Сайманқызына ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт, әйел бақытын тілейміз.